

## БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

## сөз таптары

ЖАРИЯЛАНДЫ  
10.03.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/70101/>

Пәні: қазақ тілі Мектеп :

Күні: Мұғалімнің есімі:

Сынып: 3 «А» сынып Барлығы : Қатысқандар:

Сабақтың тақырыбы: Сөз таптары.

Сабақ мақсаттары Барлық оқушылар:

Сөз таптары туралы алған білімдерін кеңейту.

Оқушылардың басым бөлігі:

Сөз таптарын ажырата білу.

Кейбір оқушылар:

Әр түрлі тапсырмалар орындату

Тілдік мақсат Оқушылар: танып біледі, ажыратады

Негізгі сөздер мен тіркестер: Сөз таптары: зат есім, сан есім, сын есім, етістік.

Сыныптағы диалог /жазылым үшін пайдалы тілдік біліктер: Сұрақ қоя білу, нақты жауап беру.Сөздерді іштен қайталап отырып, қатесіз көркем жазу.

Талдауға арналған тармақтар : сөз таптары.

Сіз неліктен .....екенін айта аласыз ба? Оқушылар өз түсініктері бойынша талдау жасайды.

Жазылым бойынша ұсыныстар: Сөздерді қатесіз, көркем жазу.

Алдыңғы оқу Алдыңғы тақырыпты еске түсіру,талқылау. Мағынаны тану, сабақты қорытындылау.

Ресурстар/көрнекі құралдар Суреттер, тест, сәйкестендіру тесті.

Жоспар Сөз таптары туралы алған білімдерін кеңейту. Сөз таптарын ажырата білу. Әр түрлі тапсырмалар орындату.

Жоспарланған уақыт Мұғалімнің іс-әрекеті Оқушының іс-әрекеті Ресурстар

Басталуы

Ұйымдастыру кезеңі (3 мин )

Ынытамақтастық атмосферасын орнату

(бір — біріне алақандарын тигізіп)

Біз тамаша баламыз,  
Оқып білім аламыз.  
Ашық болсын көкте күн,  
Сонда бақытты боламыз.  
Жақсы болсын күніміз,  
Тыныш болсын түніміз.  
Бүгінгі күнге сәттілік тілейміз!(шапалақ)  
Топқа бөліну.  
Сөз таптарының ережелеріне байланысты бөлінеді.

Бағалау парақшаларын таратып сабаққа қойылған критерийді түсіндіру.

Оқушылар шеңберде жиналып, мұғаліммен  
бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді.

Қима қағаздар  
Ортасы  
Үй тапсырмасын сұрау (5 мин )

Жаңа сабақ  
( 10 мин)

Жаңа сабақты пысықтау  
( 20 мин) Өткен сабақты пысықтау.

«Күннің көзін» бұлттан арылту ойын — жаттығуы арқылы өткен сабақтан алған білімдерін пысықтау.

Ойынның шарты: Күннің көзін бұлттар жауып тұрады.Әр бұлттың артында сұрақтар жазылады. Оқушылар сұрақтарға жауап береді. Нәтижесінде күн ашылады.

1) Кім? Не? Кімдер? Нелер? сұрақтарына жауап беретін сөйлемнің негізгі мүшесі. (Бастауыш).

2) Тілде біреудің назарын аудару үшін қолданылатын сөз. (Қаратпа сөз).

3) Сөйлемде бастауыш, баяндауыштан басқа сөйлем мүшелері. (Тұрлаусыз)

4) Қандай? сұрағына жауап беретін мәтін түрі?(Сипаттау)

5) Не үшін? сұрағына жауап беретін мәтін түрі?(Пайымдау)

6) Ақыл-дос, ашу- ...( дұшпан)

7) Түбір сөзге жұрнақ қосылу арқылы жасалған сөзді не дейміз (Туынды сөз)

8) Бастауыш пен баяндауыштан құралған сөйлем (Жалаң).

9) Бір түбірден бірнеше туынды сөз жасала береді Ондай сөздерді не дейміз (Түбірлес сөздер)

10) Бастауыш та, баяндауыш та зат есімнен жасалса, бастауыштан кейін қандай тыныс белгісі қойылады. (сызықша)

Сабақтың тақырыбын, мақсатын хабарлау.

Сөз таптары. Тиянақтау сабағы.

Балалар , біз өткен сыныптарда сөз таптары туралы өттік .кім айтады қазақ тілінде неше сөз таптары бар? 9

Біз сол сөз таптарының нешеуімен таныстық?

Жаңа сабақ.

Топтық тапсырма (ауызша). Топтарға берілген суреттер арқылы жұмыс жасайды.

а) 1-жаттығу арқылы сөз таптары туралы білімдерін еске түсіру: Ережелермен жұмыс.

Айналаңа бір уақыт зер салып қарашы. Сені жан-жағыңнан заттар қоршап тұр. Осы заттардың атын білдіретін сөздерді зат есімдер дейміз.

Заттырдың қимылын, іс-әрекетін білдіретін сөздер етістіктер деп аталады.

Заттар әр түрлі белгілерге (түрі, түсі, сапасы, саны) ие. Тілімізде мұндай белгілер сын есім және сан есім арқылы беріледі. Қазақ тілінде қандай сөз таптары бар екен? Олар қандай сұрақтарға жауап береді?

ә) оқулықпен жұмыс, дәптермен жұмыс Күн ретін жазу. Көркем жазу.

Топтық жұмыс. Постер құрау

2-жаттығу. Әр сөз табы туралы

Сызбаға сүйене отырып алған білімдерін еске түсіру. Мысалдар келтіру.

Топтық жұмыс

3-жаттығу сөздерді оқу, сұрақтар қойып мағыналарына қарай кестеге орналастыру:

Зат есім Етістік Сын есім Сан есім

Жұлдыз, ата, ақын, адам, құс оқыды, жуынды, жүзді Көк, үлкен, биік, жасыл. Екі, жеті, отыз.

Топтық жұмыс.

4-жаттығу заттың атын білдіретін сөздерге заттың қимылын білдіретін сөздерді тіркестіріп жазу:

қайық жүзеді, бақа секіреді, ұшақ ұшады, ағаш өседі, құс ұшады т.б.

5-жаттығу берілген жаңылтпашты жатқа жазу, сөздерді сөз таптарына талдау, сұрақтар қою.

7-жаттығу.Білгендерімізді сәйкестендіру тестін орындау арқылы тиянақтай түсейік.

Зат есім әдепті, қызық, қоңыр, қышқыл

Етістік жеті, тоғыз, жиырма, елу, мың.

Сын есім аққу, емен, оқулық, ауа

Сан есім биледі, өсті, тазалады, ұшты. Сұрақ- жауап

Жаңа сабақ бойынша түсінік алып.

Берілген тапсырмаларды орындайды.

тестті орындайды Сұраққа жауап беру.

Оқулық

Сәкестендіру тест

Аяқталуы

Жаңа сабақты қорытындылау

(3 мин)

Қортынды баға

(2 мин)

Үй тапсырмасын беру ( 2 мин ) Қорытынды. Кері байланыс. «Еркін микрофон»

Балалар, бүгін біз не үйрендік?

Сабақтан алған әсерлері мен түсініктері бойынша сұрақ-жауап жүргізу сабаққа рефлексия жасау

1.

Оқушылардың сабаққа қатысуына, тапсырмаларды орындауына байланысты қорытынды бағаны журналға түсіру

6-жаттығу, борсық туралы берілген мәтінді оқу 143 бет Сұрақтарға жауап береді

Оқушылар сабақ барысында орындаған жұмыстарына қарай бағалырын алады.

Берілген тапсырмаларды күнделіктеріне түсіру.

Қосымша ақпарат: Өз ойларын еркін айту, сабақта белсенділік таныту.

Саралау-Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз?

Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?

Бағалау-Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз? Пәнаралық байланыс

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ -мен байланыс Құндылықтарды

Анықтау

Сурет бойынша әңгіме құрау, талдау жүргізу. Топтық бағалау

Қауіпсіздік ереже-сімен таныстыру.

Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз?

Рефлексия

Сабақ/оқу мақсаттары шынайы ма?

Бүгін оқушылар не білді?

Сыныптағы ахуал қандай болды?

Мен жоспарланған саралау шаралары тиімді болды ма?

Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе?

Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?

Қорытынды бағамдау

Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)

1:

2:

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)

1:

2:

Сабақ барсында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағым жетілдіруге көмектесетін не білдім?

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.